

изложенные им на допросах об истории движения «Алаш», о противоречивых процессах в среде казахской интеллигенции в период революции, Гражданской войны и в 20-е гг. XX в., когда доминантой ее настроений и поведения была идея национальной государственности и пределов ее самостоятельности в условиях Советской власти.

В первом томе сборника материалов судебных процессов над алашевцами «Движение Алаш» содержится описание дела «О студенте Военно-медицинской Академии Халела Досмухамедова» [5], помещенное в военно-историческом архиве г. Москвы. Ценность издания состоит в том, что в нем содержится письмо Халела к студенту Казанского Ветеринарного института Губайдулле Бердиеву.

История движения «Алаш», место этого движения во всей истории Казахстана XX столетия – яркое свидетельство активной и созидательной роли интеллигенции в национальной истории, проявление ее лидирующего положения в формулировании задач государственного и этнокультурного самоопределения.

Список литературы

1. Назарбаев, Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
2. Акимбеков, С. Слово о Халеле Досмухамедове // Казахстанская правда. – 2013, 19 апреля.
3. Досмұхамедұлы, Х. Казахские батыры / Избранные труды. – Астана: Астана-Полиграфия, 2008. – 400 с. – С. 27-31.
4. Досмухамедова, К. В ссылке мы учились и работали / Страницы трагических судеб: Сб. воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е гг. – А.: Жеті Жарғы, 2002. – 448 с.
5. Движение Алаш: Сборник материалов, судебных процессов над алашевцами. Т.1. – Алматы: Елшежіре. – 2011. – 428 с.

*Жумабаева, Ж.Н.,
тарих магистрі,
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН ҚҰРУДАҒЫ АЛАШТАРДЫҢ ЗОР ЕҢБЕГІ

Биыл қазақтың тұңғыш ұлттық партиясы - Алаш партиясының құрылғанына бір ғасыр толып отыр. Тарих толқынында тасқа қашалып жазылған бұл қозғалыс XX ғасырдың басында орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени-рухани өзгерістер нәтижесінде дүниеге келді. Қазақ зиялылары тарапынан жалпыұлттық саяси партия құру әрекеті 1905-1913 жылдары бой көрсетті. М. Сералин бастаған «Айқап» журналы төңірегінде топтасқан зиялылар елдегі ең өзекті мәселелерді талқылап, бағдарламалық тұжырымдамалар жасау үшін жалпықазақ съезін шақыру жайында бастама жасады. Алайда қазақ даласында орнаған қатаң әскери-орталық тәртіппен есептесуге мәжбүр болған Ә. Бөкейханов мұндай әрекеттерге көшуге үзілді-кесілді қарсы шықты. Саяси партия құру үшін қажетті алғышарттар тек 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін ғана қалыптасты. «Алаш» партиясының бағдарламасын-алғаш рет 1917 жылы ұлт зиялылары Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Е. Ғұмаров, Е. Тұрмұхамедов, Ғ. Жүндібаев, Е. Бірімжанов жасады. Онда мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, құқық, дін ісі, билік пен сот, ел қорғау, салық, тағы басқа мәселе қарастырылды. Бағдарламадағы ең негізгісі-жер мәселесі болды. Қазақ жері, оның асты-үсті байлығы қазақ елінің меншігі болуға тиіс деп көрсетілді. Дегенмен, сол кездегі күрделі де қатал өмір ағымы «Алаш» партиясының саяси күресте белсене, білек сыбана күресуіне, толыққанды саяси күшке айналуына мүмкіндік бермеді. Азамат соғысы жылдарында большевиктер басқарған Кеңес үкіметіне қарсы күресте Алашорда үкіметі жеңіліс тапты. Ал, большевиктер партиясы ұсынған басқару жолы-қазақ халқы үшін зобалаңы мол жол болды. Оған ел басына түскен жаппай аштық пен саяси қуғын-сүргін мен алапат нәубетті айтсақ та болады [1, 44 б.].

Тарихқа көз жүгіртсек, XX ғасырдың басында Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған Алаш қозғалысы өз жұмысын бастады. Мақсаты-қазақ елінің

ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құрып, ұлттық мәдениетті, тілді дамыту және жерді, елді сақтау. Алайда, жылдар бойы ұлты үшін аянбай күрескен Алаш арыстары адам айтқысыз аянышты күй кешіп, қудалауға ұшырады. Көптеген есіл ерлер ату жазасына кесілді.

Алаш партиясы мүшелері Алаш құрамында барынша көпшілігі болған. Тарихты халық жасағанымен, қоғамның тарихи даму заңдылықтарын реттеп отыратын заңдар мен құқықтық құжаттарды, саяси-құқықтық доктриналарды нақты тұлғалар жүзеге асыратыны белгілі, осы салада мемлекеттік тілдің де атқарар қызметі зор.

Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді.

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш - ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. ХХ ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Интернационализм (ұлтсыздандыру) саясатын жалаулатқан кеңес өкіметі жалпы «алаш» атауын құртып – жою үшін барлық амал-айланы қолданып баққаны содан болса керек [2, 126 б.]. Осы мақсат үшін өздері ойлап тапқан тап күресін ғажап пайдаланды: ел үшін екіге бөліп, қақ жарды, тыныш жатқан жұрттың басына әңгіртаяқ орнатты. Бұрын саяси астыртын күреске көп араласа қоймаған, оның құйтырқы әдістерінен хабары шамалы аңқау, аңғал жандар алдын ала құрылған осындай арнайы тұзаққа оп-оңай топырлап түсіп жатты.

Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды. Алаш зиялылары - елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін елім, жерім деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді.

Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот саңлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды.

Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды. Туған халқының халін сезіп, біліп өскен өрелі жас буын өкілдері ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің идеяларын қолдап, солармен бірге қимыл жасады. Қозғалысқа қатысты құжаттардан Алаш қайраткерлерінің оларды іске жұмылдырып, қажет жерінде тиісті тапсырмалар беріп отырғандығын байқауға болады. Алаш қозғалысына қатысқан 17-25 жас аралығындағы жастардың ішінен кейін көптеген мемлекет, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар шыққаны белгілі [3, 15 б.].

Алаш қозғалысы кеңес өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы.

Алаш қозғалысының, Алашорда жетекшілерінің аса ірі тарихи еңбегі қазақ жерін сақтап қалуымен байланысты. Осы күнгі Қазақстан Республикасы жерінің тұтастығы мен сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің орасан зор еңбегі бар. Олардың кеңес үкіметінің басшыларымен келіссөздері, әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының осы бағыттағы қажырлы еңбегі кейін, Қазақ автономиялық советтік социалистік республикасын құру кезінде осы автономияның аумағын белгілеуде шешуші маңызға ие болған.

Қозғалыс көшбасшысы Ахмет Байтұрсынов: «басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» деген еді. Әлихан Бөкейхановтың жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып, киілуі керек. Яғни мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізілуі тиіс болған [4, 8 б.].

Алаш алыптарының бірі Міржақып Дулатов «Оян, қазақ» деп жар салса, Алаштың тағы бір қайраткері Халел Досмұхамедов «Өз тілін өзі білмеген ел – ел бола алмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт» депті. Уақытынан оза туған Алаш қайраткерлерінің идеялық мұрасын терең зерттеп, бүгінгі күннің қажетіне жаратып, олардың ісін жалғастырған абзал.

«Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы мемлекет үшін қажетті саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық атрибуттарды қалыптастыруды қажет етті. Алаш қайраткерлері бұл салада да өнімді еңбек етті. Олардың қазақ ұлтын ұйымдастырудағы, оятудағы бірнеше жылдық пәрменді әрекеттерінде жоғарыда аталған қажеттіліктер көрініп жатты. Мемлекеттің іргесін қалау мәселелері жазған еңбектері мен атқарған істерінен айқын аңғарылып жатты.

Алаш қайраткерлерінің облыстық, уездік съездер мен комитеттерді, жалпықазақ съездерін ұйымдастыру, сол тұстағы Уақытша үкіметпен келіссөздері, бағдарлама дайындауы, қаулы-қарарлар қабылдауы – олардың қаншалықты дәрежеде саяси өте сауатты қайраткерлер болғандықтарын көрсетеді.

Алаштықтар Қазақстанның сол тұстағы шаруашылық жайын саралай отырып, соған орай экономикалық дамудың бірқатар жолдарын да меңзеді. Бір қызығы, сол кезеңде олар Қазақстанның астанасы жөнінде де орынды мәселе көтерді. Айталық, 1905 жылғы Мұхаметжан Тынышбаев пен Халел Досмұхамедовтер «Ақмоланы астана жасаймыз» деген идея көтерді. Сонымен қатар олар 1917 жылы Семейді «Алаш астанасы» деп жариялап, оған «Алаш» деген атау берді.

«Алаш» партиясының бағдарламасында көрсетілген ел басқару жүйесі, жастардың білім алуы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттар теңдігі, азаматтардың құқығы мен бостандығы жөніндегі ұстанымдар тәуелсіз қазақ мемлекетінің саясатымен сабақтасып жатыр. Сол себепті Алаш көсемдерінің өмірінен өнеге, тірлігінен тағылым алып, Алаш мұратын ұлт мұраты ретінде тануымыз керек. Алаш идеясы – ұрпақтың бойына отаншылдық пен мемлекетшілдік идеясын сіңірудің басты құралы болуы керек.

Алаш партиясының бағдарламасы бойынша «Үкімет басында Құрылтай жиналысы, оның арасында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі мерзімге сайлаған президент тұрады» делінген. Алаш зиялылары Құрылтай жиналысы немесе бүкіл халық сайлап қойған өкілдер жиналысы мемлекет басында тұрады деп есептеді. Бұл идеяның «негізі, халық мемлекеттегі ең жоғары күш, биліктің нағыз қайнар көзі» деген мәні бар.

Сондықтан да Құрылтай жиналысы тұрақты орган емес, ол мерзімді сессия түрінде жұмыс жасайды. Себебі оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қол астында болады.

XX ғасырдың басында Президенттік басқарудағы мемлекеттердің әлемде санаулы болғандығын ескерсек, Алаш зиялыларының мемлекет басқару ісінде қаншама озық ойлы, тұрпатты, құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарын жасағандықтарына көзіміз жетеді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тетіктер өркениетті елдердің озық тәжірибелерін пайдалана отырып, өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен саяси, ұлттық жағдайларға байланысты қалыптасып құрылды. Осыған қарай мемлекеттік тетіктің құрамында Президент ерекше орын алды. 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан халқы Тұңғыш Президентін сайлады. Осыдан келіп қарасақ, Алаш қайраткерлерінің «мемлекеттің басшысы Президент» деп тұжырымдауын өмірдің өзі дәлелдеді [5, 104 б.].

Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын Алаш қайраткерлерінің Қазақ автономиясын құрып, тәуелсіз мемлекет идеясын туғызған өршіл рухын еліміздің көк туын желбіретуші Тұңғыш Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» дейді [1, 57 б.].

Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты.

Әдебиет тізімі

1. Назарбаев, Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 172-173 бб.
2. Нұрпейісов, К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995.
3. Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
4. Әбжанов, Х. Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2008. – 9 б.
5. Абжанов, Х.М., Гуревич, Л.Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. – Алматы, 1992.

*Исенов, Ө.И.,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Анасова, А.Б.,
аға оқытушысы, тарих магистрі
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деген болатын [1].

Алаш зиялыларының өмірі мен қоғамдық саяси-қызметтерінің тарихы бүгінгі таңда өзекті мәселелер қатарында екендігі күмән тудырмайды. Кеңестік дәуірде Алаш